

«Аққауырсын» үйірмесінің талдауы.

Бізде 2022 – 2023 оқу жылында үйірмесі жұмыс жасады. Үйірмеге 7-10 класс оқушылары қатынасты. Оқушылар ұйымшылдықпен, үлкен сенімділікпен атсалысты.

Үйірмеде мынадай ашық сабақтар берілді:

1. «Монолог оқу» сайысы
2. Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі
3. Эссе – заман талабы
4. Драма саласындағы ізденістер.
5. Диалог ауыз әдебиеті мен ғасырлар үндестігі

Оқушылар аудандық «Мұқағали – ақиық ақын» атты жыр мүшәйрасына қатынасып жүлделі орындар алды. Олар:

1. Дулатқызы Ақмарал II орын иегері
2. Хамитқызы Айдана III орын иегері

Облыстық эссе байқауында Базарбай Нұртілек «Мақал - мәтелдер - ғасырлар шежіресі» II орын дипломымен марапатталды.

Аудандық «Махамбет оқуларында» I орын алып Сисенов Иманғали облысқа жолдама алды. Облыстан бас жүлдемен оралды. Ол да біз үшін үлкен мақтаныш.

10 класс оқушысы Сисенова Әсем облыстық «Шежірелі өлкемнің тарландары» атты мақала байқауына қатынасып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Аудандық «Шешендік өнер» байқауына Орынбасарова Айнара қатысып, III орын иегері атанды. Бұл ұстаз үшін үлкен мақтаныш және сенімділік.

Оқушылар эссе жазуға әбден машықтанды. Эссе жазу талаптарын біледі. Мектепшілік, аудандық эссе жазуға үйірме мүшелері түгел қатынасады.

«Тәуелсіздік – тұғырым», «Ата заң» т.б эсселер байқауына қатынасып отырмыз. Сондықтан, үйірме жұмысы талапқа сай болса, шәкірт еңбегі бағаланады және де ұстаз мерейі өсе береді.